

М. Санатқанұлы¹
Х. Бешерли²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
²Ankara Hacı Bayram Veli университеті, Анкара, Түркия
(E-mail: madi_01_15@mail.ru, hayati.besirli@hbu.edu.tr)

Covid-19 коронавирустық инфекция пандемиясының есірткі ахуалына әсері

Аңдатпа. Әлемдік сипатқа ие болған жаңа коронавирустық инфекцияның пандемиясы барлық қоғамдық қатынастарға әсер етті. Елдердің үкіметтері жүзеге асырған, оның таралуына жол бермеу жөніндегі шаралар есірткінің заңсыз айналымының аспектілеріне де әсер етті, бұл процестің өндірістен бастап тұтынуға дейінгі барлық кезеңдерін қозғады. Ғылыми еңбекте COVID-19 коронавирус инфекциясының медициналық қажеттілік мақсатында, есірткі тұтыныатын немесе нашақорлыққа шалдыққан деп танылған тұлғаларға дәрігердің тағайындауынсыз медициналық жәрдем көрсету және оларды оңалту үшін қолданылатын бақылаудағы дәрі-дәрмектердің, есірткі және психотроптық дәрілік заттардың қолжетімділігіне, есірткі және психотроптық заттардың заңсыз айналымы саласындағы жағдайдың шиеленісуіне ықпалы мен әсері қарастырылады. Мақала авторлары әлемдегі есірткі ахуалын зерттеуге арналған материалдарға, оның ішінде стратегиялық құжаттарға талдау жасады. Атқарылған жұмыс нәтижесінде есірткіні пайдаланатын және есірткіні қолданумен байланысты бұзылулардан зардап шегетін адамдар үшін медициналық және әлеуметтік қызметтерге тиісті қолжетімділіктің барынша үздіксіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ қажетті медициналық көмек көрсетудің үздіксіздігін қамтамасыз ету қажеттілігі атап өтіледі.

Түйін сөздер: нашақорлық, есірткіге бақылау жасау, COVID-19 пандемиясы, есірткі заттардың заңсыз айналымы, есірткі тұтынушыларды медициналық жолмен оңалту.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2022-138-1-694-701>

Кіріспе

Қытай Халық Республикасында COVID-19 жаңа коронавирус инфекциясы қоздырған індеттің тарауына байланысты, 2020 жылдың 22 қаңтарында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы Халықаралық медициналық-санитарлық ережелерге (ХМСЕ) сәйкес Женевада Төтенше жағдайлар комитетінің мәжілісін өткізді [1]. Мәжіліс барысында Төтенше жағдайлар комитетінің мүшелері аталған оқиға қоғамдық денсаулық сақтау са-

ласындағы халықаралық маңызы бар төтенше жағдай (бұдан әрі - ДСХМТЖ) болып табыла ма, жоқ па деген мәселе бойынша түрлі пікір айтты. Нәтижесінде, бүгінгі таңда бұл оқиғаның ДСХМТЖ болып табылмайтыны туралы қорытынды жасалды. Алайда ДДСҰ Төтенше жағдайлар комитетінің екінші мәжілісінен [2] соң-ақ, 2020 жылдың 11-наурызында қатысушылар бірауыздан COVID-19 таралуы коронавирус салдарынан пайда болған алғашқы пандемия болып табылады деген қорытынды жасады [3].

Жер бетіндегі әрбір жеке тұлға мен отбасы, халықтар мен қоғамдастықтар үшін COVID-19 пандемиясының әсері жойқын, кері салдары ұшан-теңіз. Күнделікті өмір түбегейлі өзгерістерге ұшырады, елдерде экономикалық құлдырау басталды, қиындық келген кезде адамдардың көбі үміт артатын көптеген дәстүрлі әлеуметтік, экономикалық қолдау жүйелері мен қоғамдық денсаулық сақтау жүйесіне теңдесі жоқ күш түсуде [4]. Соңғы бір жарым жыл ішінде дүние жүзі бұрын-соңды болмаған келеңсіздікке тап болды. Жер бетіндегі адамдардың көпшілігі күнделікті тіршілігі мен бостандықтары тұрғысынан айтарлықтай өзгерістер кешуде, оларға осы вирустың таралуын тежеп, өз халқының денсаулығын қорғауға күш салып отырған үкімет тарапынан енгізіліп жатқан жаңа шараларға бейімделуге тура келіп отыр.

Негізгі бөлім

COVID-19 пандемиясы кезінде медициналық қызмет көрсетуді, оның ішінде есірткі тұтынатын адамдарға қызмет көрсетуді, сондай-ақ есірткіні тұтынуға байланысты дертті емдеуді тұрақты түрде қолжетімді ету халықтың денсаулығын қорғаудың ғана емес, қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етудің де түйінді факторы болып табылады.

Қойылған мақсатқа байланысты Есірткіні бақылау жөніндегі халықаралық комитеттің (бұдан әрі - ЕБХК) Президенті Корнелис П. де Джончиер өзінің жолдамасында былай деп мәлімдеді: «Осы жаһандық дағдарыс кезінде үкіметтерге COVID-19 байланысты барлық медициналық қажеттілікке, сондай-ақ онкологияға шалдыққан науқастардың ауруын жеңілдету және оларға бағытталған паллиативтік көмек сияқты басқа да жедел медициналық мұқтаждыққа арналған бақылаудағы дәрі-дәрмектердің қолжетімді болуын тұрақты түрде қамтамасыз ету әлі де маңызды екенін баса айтқым келеді. Сонымен қатар психикалық және неврологиялық ауруларды емдеу, есірткіні тұтыну салдарынан пайда болған дертті және жұқпалы емес ауруды емдеу, бұлар – бақылаудағы дәрі-дәрмектерге

қол жеткізу мүмкіндігінің тұрақты әрі кепілді болуын үнемі қажет ететін жағдайлардың кейбірі ғана. Пандемия кезеңі өткенге дейін аталған дәрі-дәрмектердің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында, Комитет барлық елдер мен аумақтарды бақылаудағы заттардың жеткілікті буферлік қорын ұстап тұруға шақырады» [5].

Сондай-ақ ЕБХК COVID-19 пандемиясы жағдайында бақылаудағы заттар саудасына арналған халықаралық жүйенің жұмыс істеуін қамтамасыз етуді, сонымен қатар олардың медициналық, ғылыми және заңды өнеркәсіптік мақсаттарға қолжетімді болуын қамсыздандыру үшін, аталған заттардың заңсыз арналарға жылыстауын болдырмау ісін жалғастыратынын растады. Қүзіретті ұлттық органдардың есірткі және психотроптық заттарды Халықаралық шеттен әкелу әрі әкету рұқсатнамалар жүйесі INCB (I2ES) арқылы шеттен әкелу әрі әкету рұқсатнамаларымен алмасуға және алдын ала хабарлау жүйесі INCB (PEN-Online) арқылы химиялық зат-прекурсорлардың экспорты туралы алдын ала хабарламалар беруге бұрынғыдай мүмкіндіктері бар.

Экспорт туралы алдын ала хабарлаудың онлайн жүйесі (PEN), Прекурсорларға қатысты ақпарат беру (байланыс) жүйесі (PICS) және IONICS онлайн-коммуникациялық тұғырнамасы сияқты ЕБХК-нің құралдарын пайдалану заңды сауда жүргізуді жеңілдетіп қана қоймай, қауіпті заттардың жылыстауы мен заңсыз айналымын айнықтауға әрі осыған жол бермеуге көмектеседі. ЕБХК шешіміне сәйкес жүйелер толықтай жұмысқа жарамды күйде болып, COVID-19 пандемиясы бойы мемлекеттік органдарды қолдау жұмысын ықыласпен жалғастырады.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Есірткі және қылмыс жөніндегі басқармасы (United Nations Office on Drugs and Crime – UNODC) COVID-19 пандемиясы кезінде «БҰҰ ЕҚБ-ның COVID-19 пандемиясы жағдайында есірткіні тұтынуы салдарынан ауруға шалдыққан тұлғаларға көмек беруге, күтім жасауға және оңалтуға қатысты ұсыныстарын» дайындап, көпшілік назарына ұсынды [6].

Есірткіні тұтыну салдарынан пайда болатын аурулардың АИТВ/ЖИТС, В және/немесе С гепатиті, туберкулез, өкпе немесе жүрек-тамыр аурулары, инсульт, обыр және жарақаттар сияқты соматикалық аурулармен қатар жүретінін біз жақсы білеміз. Оған қоса, есірткіні тұтыну салдарынан ауруға шалдыққан адамдардың, әсіресе инъекциялық есірткіні тұтынатындардың, иммундық жүйесі әлсіз болады. Сайып келгенде, есірткіні тұтынуға және соның салдарынан пайда болатын ауруларға шалдығуға байланысты стигматизация мен кемсітушілік олардың баспана, жұмыспен қамтылу, денсаулық сақтау саласы және әлеуметтік қолдау сияқты негізгі ресурстарға қол жеткізуінің шектелуіне әкеп соғады. Осы аталған себептерге байланысты есірткі тұтынатын және соның салдарынан ауруға шалдыққан адамдарға өздерін қауіпсіздендіру қиындау болады, олар COVID-19 індетін жұқтыру қаупі аса жоғары топқа жатады.

Сондықтан дәл осы COVID-19 пандемиясы кезінде есірткі тұтынатын адамдар және есірткі тұтыну салдарынан ауруға шалдыққан адамдар үшін медициналық және әлеуметтік қызметтердің тиісті қолжетімділігін барынша үздіксіз қамтамасыз ету, сондай-ақ Есірткі заттарды тұтыну салдарынан пайда болған ауруларды емдеу жөніндегі халықаралық стандартта (БҰҰ/ДДСҰ ЕҚБ, 2020 жыл) сипатталғандай, қажетті медициналық жәрдеммен үздіксіз қамтамасыз ету керек деген пікірмен келіскен дұрыс. Бұған түрлі жағдайдағы межесі төмен қызметтер, психикалық-әлеуметтік көмек және фармокологиялық ем кіреді. Бұл да, атап айтқанда, 2030 жылға дейінгі мерзімде күн тәртібі шеңберіне енген денсаулық сақтау жүйесін жаппай барлық адамға қолжетімді етуге міндеттеме алған Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше Мемлекеттердің мандаттарына сәйкес келеді. Сонымен қатар БҰҰ Бас Ассамблеясының Арнайы сессиясы (БҰҰБААС) 2016 жылы дайындаған дүние жүзіндегі есірткі мәселесіне қатысты қорытынды құжатында жеке адамдардың, отбасылардың, қоғамның осал мүшелерінің, қауымдардың және жалпы қоғамның денсаулығын сақтау, қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттілігі атап көрсетілген

[7]. Осы орайда БҰҰ-на мүше Мемлекеттерге, нашақорлықты емдеумен, науқастарды күту және оңалтумен айналысатын жүйелер мен қызметтерге COVID-19 пандемиясы кезінде есірткі тұтынатын адамдарды және есірткі тұтыну салдарынан ауруға шалдыққан адамдарды үздіксіз күтіммен қамтамасыз ету жоспарын төмендегідей жағдайларды есепке ала отырып дайындау ұсынылады: адамдарға қорғану құралдары туралы ақпарат беру; фармакологиялық терапияны үздіксіз жүргізу; психикалық-әлеуметтік терапияны үздіксіз жүргізу; баспанасы жоқ адамдарға, оның ішінде есірткі тұтыну салдарынан ауруға шалдыққан адамдарға, қолдау көрсету. Қандай жағдай болмасын, адамды есірткі тұтынатынына бола медициналық көмекке қол жеткізу мүмкіндігінен айыруға болмайды.

COVID-19 пандемиясы кезінде UNAIDS бағдарламасының Үйлестіру Кеңесінің 2020 жылдың 20 наурызында жасаған мәлімдемесіне және оның мемлекеттер тарапынан стигма мен кемсітушіліктің алдын алу әрі оған жол бермеуге қатысты шаралар қабылдануы қажет деген ұсынысына назар аудару керек. UNAIDS АИТВ инфекциясы індетіне қарсы әрекет жасауға қатысты сабақтар негізінде нұсқаулық дайындады - «COVID-19 кезіндегі құқықтар: АИТВ инфекциясының сабақтары – қоғамдастықтарды белсенді қатыстыра отырып, тиімді қарсы шаралармен қалай қамтамасыз ету қажет». Нұсқаулыққа сәйкес, кез келген індет кезінде медициналық көмек беру барысында адамды кемсітушілік немесе ұлтына, шыққан еліне, сақтандыру полисінің болмауына немесе әлеуметтік-экономикалық және басқа да статусына қарай оны емдеуден бас тарту - адамды оның өмірі үшін маңызды медициналық қызметтерден айырып қана қоймай, басқа адамдар денсаулығына да қауіп төндіріп, қарсы шаралардың жалпы тиімділігін азайтады [8].

COVID-19 пандемиясы жағдайында есірткі заттарды, психотроптық заттар мен оларға теңдес заттектерді бақылауға қатысты ұлттық және халықаралық деңгейде өткізіліп жатқан шаралармен қатар, есірткі ахуалының мониторингін жүйелі түрде жүргізіп, есірткі және

психотроптық заттардың заңсыз айналымы саласында құқыққа қайшы әрекеттерге баратын құқық бұзушылар тарапынан болған заңсыз әрекеттерге жедел жауап қайтару қажет.

Еуропалық зерттеушілердің пікірінше, COVID-19 пандемиясымен байланысты жағдай Еуропалық Одақ (бұдан ары – ЕО) елдеріндегі есірткінің заңсыз саудасына да ықпал етті. Дәлел ретінде британдық университетаралық «The Conversation» сайтында жарияланған COVID-19 пандемиясының тыйым салынған және бақылаудағы заттардың нарығына әсері туралы материалдарға жүгінейік. Авторлары – тәуелділіктер және психикалық денсаулық саласындағы маман, проф. Ian Hamilton (Йорк университеті) және қылмыстық құқық профессоры Alex Stevens (Кент университеті). Ғалымдардың айтуынша, COVID-19 пандемиясымен байланысты үдерістер есірткінің қара нарығына әсер етпей кетуі мүмкін емес еді. Елдер арасындағы шекаралардың жабылуы көптеген есірткілердің жеткізілуін және таралуын шектеді, әсіресе ингредиенттері Қытайдан алынатын есірткілердің өндірісіне кедергі болды. Мысалы, әлемнің дәл сол бөлігінен импортталатын синтетикалық каннабиноид - «спайстың» - тапшылығы туралы хабарлар пайда болды. Сәйкесінше, дистрибьюторлық желіде қиындықтар туындай бастады. Карантин туралы ереженің күшке енуі есірткі өткізушілердің шалғайдағы (шағын қалалар мен ауылдық жерлер) өз тізбектерімен жұмыс істей алу қабілеттілігіне ықпал етті [9].

Еуропалық полиция мекемесінің (бұдан ары – Еуропол) «Pandemic profiteering: how criminals exploit the COVID-19 crisis» («Пандемиялық алып-сатарлық: қылмыскерлер COVID-19 дағдарысын қалай пайдалануда») баяндамасы COVID-19 пандемиясы кезеңіндегі есірткі-қылмыс ісіндегі өзгерістер туралы аса маңызды ережелерді қамтиды. Еуропол сарапшыларының айтуынша, «қазіргі пандемиялық дағдарыстың есірткі нарығына қысқа мерзімді ықпалына баға беру қиын, алайда ол сұраныс пен ұсыныс динамикасын өзгертіп, жеткізілімнің заңсыз арналарын бұзуы мүмкін. Кей хабарламаларда тұтынушылардың қолында белгілі бір есірткілердің жиналып

қалуы және ЕО-та есірткі өндірісінде қолданылатын прекурсорлар мен негізгі химиялық заттектердің жетіспеушілігі туралы айтылады, бұл жайт өндіріс көлемі мен бағаларға әсер етуі мүмкін. Аталған сала мұқият мониторинг жүргізуді талап етеді, себебі жеткізілетін заттар тапшылығы бәсекелес жеткізушілер мен дистрибьюторлар арасында болатын есірткімен байланысты зорлық-зомбылық санының ұлғаюына әкеп соғуы ықтимал» [10].

COVID-19 пандемиясының есірткінің заңсыз айналымына ықпалы және кері ықпал мемлекеттік полиция органдарынан, отставкадағы полиция қызметкерлерінің халықаралық қоғамдастықтарынан, сондай-ақ коронавирустың ұйымдасқан қылмыстылық пен заңсыз нарыққа қатысты үкіметтік ұйымдардан, ғылыми орталықтардан және азаматтық қоғамдастықтардан алынған ақпаратты жинақтау және паймдау нәтижелерімен расталады. «Global Initiative Against Transnational Organized crime» атты халықаралық зерттеу ұйымы дайындаған «Crime and Contagion: The impact of a pandemic on organized crime» («Қылмыстылық және инфекция: пандемияның ұйымдасқан қылмыстылыққа ықпалы») баяндамасында «есірткі өндірісі мен айналымына қатысты салада жас әрі жоғары технологиялы қылмыскерлер жандана бастады. Есірткінің заңсыз айналымымен байланысқан қылмыстық ұйымдар мен топтар әрекеті еселеніп ұлғайды, ал мегаполистерде күйзеліске түскен нашақорлар тарапынан шабуылға ұшырау қаупі күрт өсуде» деп көрсетілген [11].

Қазақстан Республикасы аумағында COVID-19 пандемиясы жағдайында есірткінің заңсыз айналымы саласында жасалған қылмыстар жоғары деңгейде қалып отыр.

Сөйтіп, үстіміздегі жылдың басынан бері ішкі істер органдарының қызметкерлері есірткімен байланысты 5,3 мыңнан астам құқық бұзушылық пен қылмыстың бетін ашты, оның ішінде есірткіні аса ірі көлемде өткізудің 991 фактісі мен сақтаудың 270 фактісін анықтады. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің мәлімдеуі бойынша, үстіміздегі жылдың басынан бері заңсыз айналымнан түрлі есірткінің 12,5 тоннасын, оның ішінде: 4

килограмм героин және 129 килограмм синтетикалық есірткі заттар, 371 килограмм наша және 8,7 тонна марихуананы алып қойды, сондай-ақ 11 есірткі лабораториясы жойылды. Сонымен бірге есірткі бизнесімен айналысқан жеті ұйымдастырылған қылмыстық топтың қызметі әшкереленді, топ басшылары мен қатысушыларға қатысты 13 қылмыстық іс қозғалды. Қылмыстық жауапкершілікке жеті топ басшысы және 34 қатысушы тартылды. Берілген ресми мәліметтерге сәйкес, аталған мерзім ішінде 127 сотқа дейінгі іс тіркелген, олардың 58-і жарнама үшін және 69-ы ғаламтор арқылы өткізгені үшін. Есірткі тарататын 810 сайт бұғатталған [12].

Әрине, COVID-19 пандемиясы Ғаламтордың ақпараттық-телекоммуникациялық желісіндегі есірткінің заңсыз саудасына да әсерін тигізбей қойған жоқ. Статистикалық мәліметтер мен Андрей Рыльков атындағы ресейлік денсаулықты қорғау және әлеуметтік әділеттілікке қолдау көрсету Қорының жүргізген сауалнамасы нәтижелеріне сәйкес, 54%-ы полицияның және өткен-кеткендердің ерекше назар аударуы себебінен, сондай-ақ азаматтар мен мекемелердің тарапынан орындалуы міндетті жүріс-тұрыс ережелері қолданыста болған кезде және жоғары деңгейдегі даярлық немесе төтенше жағдай тәртібін

енгізгенде [13], есірткіні алып кету қиындап кетті деп хабарлады, сауалнамаға қатысушылардың 35%-ы психикалық белсенді заттар нарығында тапшылыққа тап болған, 37%-ы барлығы бұрынғыдай қалды деп есептейді, 28%-ы нарықтағы аздаған өзгерістерді байқаған, бірақ бұл COVID-19 пандемиясымен немесе карантинмен байланысты дегенге күмәнданады [14].

Қорытынды

Жоғарыда баяндалғанды түйіндей келе, есірткілердің заңсыз айналымы түрлі қылмыстардың, аурулардың, зорлық пен өлімнің себебі болып табылатынын атап өту қажет. Алайда COVID-19 коронавирус инфекциясының пандемиясы кезінде бақылаудағы заттардың халықаралық саудасы ережелерінің бұзылуын неғұрлым азайтуды, бақылаудағы заттардың ауқымды қолжетімділігін қолданыстағы заңнаманың құқықтық нормаларын бұзбай қамтамасыз етуді, жас шамасына, денсаулық жайына немесе әлеуметтік-экономикалық жағдайларға қарамастан, нашақорлықтан болған кісі өлімін тежеуді және азайтуды қалай жүзеге асыруға болатыны туралы ойлармен айқын әрі жедел түрде бөлісу қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Заявление о работе совещания Комитета Международных медико-санитарных правил по чрезвычайной ситуации в связи со вспышкой нового коронавируса 2019 г. (nCoV) [Электрон. ресурс]. – 2020. – URL: [https://www.who.int/ru/news-room/detail/23-01-2020-statement-on-the-meeting-of-the-international-health-regulations-\(2005\)-emergency-committee-regarding-the-outbreak-of-novel-coronavirus-\(2019-ncov\)](https://www.who.int/ru/news-room/detail/23-01-2020-statement-on-the-meeting-of-the-international-health-regulations-(2005)-emergency-committee-regarding-the-outbreak-of-novel-coronavirus-(2019-ncov)) (дата обращения: 10.11.2021).
2. Заявление по итогам второго совещания Комитета Международных медико-санитарных правил по чрезвычайной ситуации в связи со вспышкой нового коронавируса 2019 г. (nCoV) [Электрон. ресурс]. – 2020. – URL: [https://www.who.int/ru/news-room/detail/30-01-2020-statement-on-the-second-meeting-of-the-international-health-regulations-\(2005\)-emergency-committee-regarding-the-outbreak-of-novel-coronavirus-\(2019-ncov\)](https://www.who.int/ru/news-room/detail/30-01-2020-statement-on-the-second-meeting-of-the-international-health-regulations-(2005)-emergency-committee-regarding-the-outbreak-of-novel-coronavirus-(2019-ncov)) (дата обращения: 10.11.2021).
3. Вступительное слово Генерального директора на пресс-брифинге по COVID-19 11 марта 2020 г. [Электрон. ресурс]. – 2020. – URL: <https://www.who.int/ru/dg/speeches/detail/who-director-general-s-opening-remarks-at-the-media-briefing-on-covid-19---11-march-2020> (дата обращения: 10.11.2021).
4. Обновленная стратегия борьбы с COVID-19 [Электрон. ресурс]. – 2020. – URL: https://www.who.int/docs/default-source/coronaviruse/covid19-strategy-update-2020-ru.pdf?sfvrsn=29da3ba0_17 (дата обращения: 10.11.2021).

5. Послание Президента Международного комитета по контролю за оборотом наркотиков (МККН) по пандемии COVID-19 [Электрон. ресурс]. – 2020. – URL: <https://www.incb.org/incb/en/coronavirus.html> (дата обращения: 10.11.2021).
6. Предложения УНП ООН по улучшению, уходу и реабилитации лиц с расстройствами связанных с употреблением наркотиков, в условиях пандемии COVID-19 [Электрон. ресурс]. – 2020. – URL: <https://www.unodc.org/documents/drug-prevention-and-treatment/UN-Covid19-infographic-200328-5070.pdf> (дата обращения: 10.11.2021).
7. Резолюция A/RES/S-30/1 «Наша общая приверженность эффективному решению мировой проблемы наркотиков и борьбе с ней», принятая Генеральной Ассамблеей ООН 04 мая 2016 г. [Электрон. ресурс] – 2016. – URL: <https://undocs.org/ru/A/RES/S-30/1> (дата обращения: 15.11.2021).
8. П. 13 Руководства UNAIDS «Права во время COVID-19: уроки ВИЧ-инфекции – как обеспечить эффективные ответные меры при активном участии сообществ» [Электрон. ресурс]. – 2020. – URL: https://www.unaids.org/sites/default/files/media_asset/human-rights-and-covid-19_ru.pdf (дата обращения: 10.11.2021).
9. Как коронавирус меняет рынок нелегальных наркотиков [Электрон. ресурс]. – 2020. – URL: <https://theconversation.com/how-coronavirus-is-changing-the-market-for-illegal-drugs-134753> (дата обращения: 10.11.2021).
10. Pandemic profiteering: how criminals exploit the COVID-19 crisis [Электрон. ресурс]. – 2020. – URL: <https://www.europol.europa.eu/publications-documents/pandemic-profiteering-how-criminals-exploit-covid-19-crisis> (дата обращения: 10.11.2021).
11. Доклад «Crime and Contagion: The impact of a pandemic on organized crime» [Электрон. ресурс]. – 2020. – URL: <https://globalinitiative.net/wp-content/uploads/2020/03/CovidPB1rev.04.04.v1.pdf> (дата обращения: 10.11.2021).
12. В Казахстане посчитали изъятые с начала года наркотики [Электрон. ресурс]. – 2021. – URL: <https://kursiv.kz/news/obschestvo/2021-09/v-kazakhstane-poschitali-izyatyie-s-nachala-goda-narkotiki> (дата обращения: 10.11.2021).
13. Постановление Правительства РФ от 02.04.2020 № 417 «Об утверждении Правил поведения, обязательных для исполнения гражданами и организациями, при введении режима повышенной готовности или чрезвычайной ситуации» [Электрон. ресурс]. – 2020. – URL: http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_349314/ (дата обращения: 10.11.2021).
14. Медиазона. Тысячи на метадоновых кумарах. Как карантин повлиял на наркопотребителей [Электрон. ресурс]. – 2020. – URL: <https://zona.media/article/2020/04/03/covid-19-vs-hydra> (дата обращения: 10.11.2021).

References

1. Zayavlenie o rabote soveshanija Komiteta Mezhdunarodnyh medico-sanitarnyh pravil po chrezvychainoi situacii v svyazi so vspyshkoi novogo koronavirusa 2019 g. (nCoV) [Statement on the work of the meeting of the International Health Regulations Committee on the emergency situation in connection with the outbreak of the new coronavirus 2019 (nCoV)] [Electronic resource]. Available at: [https://www.who.int/ru/news-room/detail/23-01-2020-statement-on-the-meeting-of-the-international-health-regulations-\(2005\)-emergency-committee-regarding-the-outbreak-of-novel-coronavirus-\(2019-ncov\)](https://www.who.int/ru/news-room/detail/23-01-2020-statement-on-the-meeting-of-the-international-health-regulations-(2005)-emergency-committee-regarding-the-outbreak-of-novel-coronavirus-(2019-ncov)) [in Russian] (Accessed: 10.11.2021).
2. Zayavlenie po itogam vtorogo soveshanija Komiteta Mezhdunarodnyh medico-sanitarnyh pravil po chrezvychainoi situacii v svyazi so vspyshkoi novogo koronavirusa 2019 g. (nCoV) [Statement on the results of the second meeting of the International Health Regulations Committee on the emergency situation in connection with the outbreak of the new coronavirus 2019 (nCoV)] [Electronic resource]. Available at: [https://www.who.int/ru/news-room/detail/30-01-2020-statement-on-the-second-meeting-of-the-international-health-regulations-\(2005\)-emergency-committee-regarding-the-outbreak-of-novel-coronavirus-\(2019-ncov\)](https://www.who.int/ru/news-room/detail/30-01-2020-statement-on-the-second-meeting-of-the-international-health-regulations-(2005)-emergency-committee-regarding-the-outbreak-of-novel-coronavirus-(2019-ncov)) [in Russian] (Accessed: 10.11.2021).
3. Vstupitelnoe slovo Generalnogo direktora na press-brifinge po COVID-19 11 marta 2020 g. [Opening remarks by the CEO at the COVID-19 press briefing on March 11, 2020] [Electronic resource]. Available at:

<https://www.who.int/ru/dg/speeches/detail/who-director-general-s-opening-remarks-at-the-media-briefing-on-covid-19---11-march-2020> [in Russian] (Accessed: 10.11.2021).

4. Updated strategy to combat COVID-19 [Electronic resource]. Available at: https://www.who.int/docs/default-source/coronaviruse/covid19-strategy-update-2020-ru.pdf?sfvrsn=29da3ba0_17 (Accessed: 10.11.2021).

5. Message of the President of the International Narcotics Control Board on the COVID-19 pandemic [Electronic resource]. Available at: <https://www.incb.org/incb/en/coronavirus.html> (Accessed: 10.11.2021).

6. UNODC proposals for the improvement, care and rehabilitation of persons with drug use disorders in the context of the COVID-19 pandemic [Electronic resource]. Available at: <https://www.unodc.org/documents/drug-prevention-and-treatment/UN-Covid19-infographic-200328-5070.pdf> (Accessed: 10.11.2021).

7. Resolution A/RES/S-30/1 «Our common commitment to the effective solution of the world drug problem and the fight against it», adopted by the UN General Assembly on May 04, 2016 [Electronic resource]. Available at: <https://undocs.org/ru/A/RES/S-30/1> (Accessed: 15.11.2021).

8. Paragraf 13 Rukovodstva UNAIDS «Prava vo vremja COVID-19: uroki VICH-infekcii – kak obespechit effektivnye otvetnye meri pri aktivnom uchastii soobshestv» [Paragraph 13 of the UNAIDS Guidelines «Rights during COVID-19: lessons from HIV infection – how to ensure effective responses with the active participation of communities»] [Electronic resource]. Available at: https://www.unaids.org/sites/default/files/media_asset/human-rights-and-covid-19_ru.pdf [in Russian] (Accessed: 10.11.2021).

9. How the coronavirus is changing the illegal drug market [Electronic resource]. Available at: <https://theconversation.com/how-coronavirus-is-changing-the-market-for-illegal-drugs-134753> (Accessed: 10.11.2021).

10. Pandemic profiteering: how criminals exploit the COVID-19 crisis [Electronic resource]. Available at: <https://www.europol.europa.eu/publications-documents/pandemic-profiteering-how-criminals-exploit-covid-19-crisis> (Accessed: 10.11.2021).

11. Report «Crime and Contagion: The impact of a pandemic on organized crime» [Electronic resource]. Available at: <https://globalinitiative.net/wp-content/uploads/2020/03/CovidPB1rev.04.04.v1.pdf> (Accessed: 10.11.2021).

12. V Kazahstane poschitali izjatye s nachala goda narkotiki [In Kazakhstan, drugs seized since the beginning of the year were counted] [Electronic resource]. Available at: <https://kursiv.kz/news/obschestvo/2021-09/v-kazahstane-poschitali-izjatye-s-nachala-goda-narkotiki> [in Russian] (Accessed: 10.11.2021).

13. Postanovlenie Pravitelstva Rossiiskoi Federacii ot 02.04.2020 № 417 «Ob utverzhdenii Pravil povedeniya, objazatelnyh dlja ispolneniya grazhdanami i organizacijami, pri vvedenii rezhima povyshennoi gotovnosti ili chrezvychajnoi situacii» [Decree of the Government of the Russian Federation No. 417 dated 02.04.2020 «On Approval of the Rules of Conduct mandatory for Citizens and Organizations when introducing a high-alert or emergency situation»] [Electronic resource]. Available at: http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_349314/ [in Russian] (Accessed: 10.11.2021).

14. Mediazona. Tysjachi na metadonovyh kumarah. Kak karantin povlijal na narkopotrebiteli [Media zone. Thousands on methadone coumars. How quarantine affected drug users] [Electronic resource]. Available at: <https://zona.media/article/2020/04/03/covid-19-vs-hydra> [in Russian] (Accessed: 10.11.2021).

М. Санатқанұлы¹, Х. Бешерли²

¹Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

²Университет Ankara Hacı Bayram Veli, Анкара, Турция

Влияние пандемии коронавирусной инфекции COVID-19 на наркоситуацию

Аннотация. Пандемия новой коронавирусной инфекции, приобретя мировой характер, отразилась на всех общественных отношениях. Меры, реализованные правительствами стран, по недопущению ее распространения повлияли и на аспекты незаконного оборота наркотиков, затронув все стадии этого процесса от производства до потребления. В данной статье исследуется социальное влияние коронавирусной инфекции COVID-19 на оказание медицинской помощи лицам, признанным больными наркоманией или употребляющим наркотики без назначения врача, процесс их реабилитации, а также на осложнение ситуации в сфере незаконного оборота наркотических веществ и психотропных средств.

Вместе с тем изучается воздействие пандемии на доступность контролируемых лекарственных средств, наркотических и психотропных лекарственных препаратов, необходимых для медицинских потребностей. Авторами статьи проведен анализ материалов, в том числе стратегических документов, посвященных исследованию наркоситуации в мире. В результате проделанной работы подчеркивается необходимость обеспечения максимальной непрерывности соответствующего доступа к медицинским и социальным услугам для людей, употребляющих наркотики и страдающих расстройствами, связанными с употреблением наркотиков, а также обеспечения непрерывности оказания необходимой медицинской помощи.

Ключевые слова: наркомания, контроль над наркотиками, пандемия COVID-19, незаконный оборот наркотических средств, медицинская реабилитация наркопотребителей.

М. Sanatkanuly¹, H. Besharli²

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

²Ankara Hacı Bayram Veli University, Ankara, Turkey

The impact of the COVID-19 coronavirus pandemic on the drug situation

Abstract. The pandemic of a new coronavirus infection, having acquired a global character, has affected all public relations. The measures implemented by the governments of countries to prevent its spread have also affected aspects of drug trafficking, affecting all stages of this process from production to consumption. This article examines the social impact of COVID-19 coronavirus infection on the provision of medical care to persons recognized as drug addicts or who use drugs without a doctor's appointment, the process of their rehabilitation, as well as on the complication of the situation in the field of illicit trafficking of narcotic substances and psychotropic drugs. At the same time, the impact of the pandemic on the availability of controlled medicines, narcotic and psychotropic drugs necessary for medical needs is being studied. The authors of the article analyzed the materials, including strategic documents, devoted to the study of the drug situation in the world. As a result of the work done, the need to ensure the maximum continuity of appropriate access to health and social services for people who use drugs and those suffering from drug use disorders, as well as to ensure the continuity of the provision of necessary medical care, is emphasized.

Keywords: drug addiction, drug control, COVID-19 pandemic, illicit drug trafficking, medical rehabilitation of drug users.

Авторлар туралы мәлімет:

Санатқанұлы М. – корреспонденция үшін авторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің әлеуметтану кафедрасының докторанты, А.Янушкевич көш., 6, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Бешерли Х. – әлеуметтану ғылымдарының докторы, Ankara Hacı Bayram Veli университеті әлеуметтану кафедрасының профессоры, Анкара, Түркия.

Sanatkanuly M. – **Corresponding author**, PhD student of the Department of sociology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 6 Yanushkevich str., Nur-Sultan, Kazakhstan.

Besharli H. – Doctor of Sociological Sciences, Professor of the Department of sociology, Ankara Hacı Bayram Veli University, Ankara, Turkey.